



Ақмешіт

2 сәуір
сенбі
№26 (1831)
2022 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

БРИФИНГ

АШЫҚТЫҚ, НАҚТЫЛЫҚ, ЖЕДЕЛДІК – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Ақмарал ОЛЖАБАЕВА

Соңғы жылдары қоғам тұрақтылығы бұқара үшін басты мәселеге айналды. Әбігерге салған індет, қос бүйірден қысқан қымбатшылық, қаралы қантар оқиғасы да халықтың енесін басып тастады. Жығылғанға жұдырық болып, Украина мен Ресей арасындағы қақтығыс салдары да біздің елді айналып өтпей тұр. Көп көкейінде жүрген сұрақ аз емес. Баға қымбаттауы, несие мәселесі, азық-түлік тапшылығы, доллар бағасы және тағысың тағы.

Аймақтың бүгінгі тыныс-тіршілігі туралы облыс әкімінің орынбасары Қайрат Нұртай БАҚ өкілдеріне өткізген баспасөз мәслихатында мәлімдеді.

– Аймақта азық-түлік өнімдерінің тапшылығы жоқ. Бұл мәселе тұрақты бақылауда. Десе де әлеуметтік желілер арқылы түрлі ақпараттар мен алып-қашпа әңгімелер халық арасына дүрбелең салды. Тіпті дүкендердегі қант бағасына да қарамай, жаппай сатып алуға. Осы тұста жеке сатушылар тарапынан алыпсатарлар көбейді. Осыған орай облыстық прокуратура мен Ұлттық экономика министрлігі бәсекелестікті қорғау және дамыту комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті мен басқа да тиісті салалар бірігіп, заңға сәйкес тексерулер жүргізуде. Сондай-ақ облыста бағаны тұрақтандыру мақсатында өңірлік тұрақтандыру қоры жұмыс істейді. Қазіргі кезде қорда 1441 тонна өнім бар. Ал «айналым схемасы» бойынша 21 кәсіпкерлік нысандарына 1 млрд 143 млн теңге қарыз берілді. Сонымен қатар баға тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерін нарық бағасынан төмен бағада ұсыну үшін дәстүрлі түрде жәрмеңке өткізілуде. Өткен жылы «Байқоңыр» ЭҚК АҚ-ның ұйымдастыруымен 370 тонна әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдері төмен бағада сатылды. Тағы да айта кетейін, біздің өңірдің сауда орындарында азық-түлік тауарларының қоры жеткілікті. Сондықтан алдағы уақытта азық-түлік тапшылығы сезіледі деген жаспақ пікірге сеніп, байбалам салудың ешқандай себебі жоқ, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Расында, қазір әлеуметтік желілер арқылы қоғамдағы кез келген мәселе қоғамдық пікір туғызып, Алайда ол ақпараттың дұрыстығы мен бұрыстығына ешкім де кепіл бола алмайды. Бірақ бұл әрекетті пайдаланып, осы арқылы резонанс тудырып, рейтинг жасауды көздейтіндер жетерлік. Әсіресе өзін блогер санап жүргендер «тырнақ астынан кір іздеп» кемшілікті көрсетуге әуес. Тіпті мемлекеттік қызметшінің жеке басына қол сұғып, қокан-лоқы көрсетіп, бопсалайтындар да бар. Бұл мәселеге облыс әкімінің орынбасары Қ.Бірзақұлұлы арнайы тоқталды.

– Қазіргі кезде қандай мәселе болмасын, халыққа жан-жақты зерттелген, нақты ақпарат ұсыну маңызды. Жасыратыны жоқ, кейбір жағдайларда еліміздегі тұрақтылық пен бейбітшілікке сызат түсіргісі келетін теріс ниетті топтар мен тұлғалардың тарапынан арандату әрекеттері де байқалады. Әлеуметтік желіде теріс бағытта пост шығарып, хайп қуып, өзінің рейтингін көтеру – уақытша нәрсесі. Ендігі жерде мемлекеттік қызметшілерге жалған кемшілік тағу, бопсалау және оны жеке мүдделеріне пайдалануға жол берілмейді. Теріс бағытта арандатушылық ниетпен жазған желі қолданушысының ақпараты жокқа шығарылса, заң негізінде оның ісі сотқа дейін жолданады. Ал егер мемлекеттік қызметшінің тарапынан кемшіліктер кетсе, заң алдында жауап береді. Қоғам біреуді қарағанда адамды түптің түбінде шеттетеді. Бүгінде біз өмір сүріп жатқан қоғам негативтен, теріс ақпараттан шаршады. Сондықтан алдағы уақытта мұндай іс-әрекеттерге заң аясында шектеулер қойылады, – деді Қайрат Нұртай.

2 БЕТТЕ

ЕГІН ЕГУТЕ ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Айтолқын АЙТЖАНОВА

Далада көктемнің лебі сезіледі. Көктемгі қарбалас шақ жақын. Күзгі салымдағы егіннің шығымын ерте көктемдегі қарекет шешетінін дала еңбеккерлері жақсы біледі. Әсіресе, ауылдық жерлерде таң атпай кетпенін асынып, жерден несібесін жинағандар егістік алқабына асығып бара жатқаны әдемі көрініс. Көктемнің әр күні жылға азық. Осы орайда, биылғы егістік науқаны қалай болмақ? Саралап өткенді жөн көрдік.



«Кең дала» бағдарламасы арқылы жыл сайын 70 млрд теңге қаражат бөлінсе, соны екі есеге көбейтуге мүмкіндік аламыз тұрмыз. Қазір республикалық бюджет нақтыланып жатыр. Екіншіден, «Азық-түлік келісім-шарт» корпорациясы арқылы форвардтық сатып алу үшін жыл сайын 40 млрд теңге бөлініп келді. Оның көлемін 80 млрд теңгеге ұлғайту көзделген.

ҚАРЖЫ КӨЛЕМІ ҰЛҒАЙДЫ

Апта басында ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев пен облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова қатысқан арнайы жиын өтті. Онда көктемгі егіс науқаны мен мал шаруашылығын дамыту мәселелері

талқыланды. Осы жылы ауыл шаруашылығы саласына қатысты қаржы көлемі ұлғайған. Яғни, қаржыны тиімді пайдаланып, өнім көлемін белгілі мөлшерде көбейтіп, күз бен қысқа қам жасау шаруаларға міндет болып саналады.

– Біріншіден, «Кең дала» бағдарламасы арқылы жыл сайын 70 млрд теңге қаражат бөлінсе, соны екі есеге көбейтуге мүмкіндік

алғалы тұрмыз. Қазір республикалық бюджет нақтыланып жатыр. Екіншіден, «Азық-түлік келісім-шарт» корпорациясы арқылы форвардтық сатып алу үшін жыл сайын 40 млрд теңге бөлініп келді. Оның көлемін 80 млрд теңгеге ұлғайту көзделген, – деді ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев. Сонымен қатар субсидия алу мәселесінде де шаруаларға жеңілдік жасалмақ. Мә-

селен, бытыр 2022 жылға республика көлемінде субсидиялауға 309 млрд теңге қаржы қарастырылған болса, Президент тапсырмасымен қаржы көлемін 388 млрд теңгеге ұлғайту туралы ұсыныс берілген. Бұл бытырдан қалған қарызды өтеуге мүмкіндік береді. Одан бөлек ауылшаруашылық өнімінің бағасын тұрақтандыруға септігін тигізеді.

2 БЕТТЕ

ІЗГІЛІКТЕ ТОЛЫ ҚАСИЕТТІ АЙ

Рамазан – жылына бір келетін қасиетті ай. Қайсыбір мұсылманға осынау қасиетті мезгілдегі сауап істерден қапы қалуға болмайды. Төрткүл дүниедегі мұсылман баласы тағы бір Рамазан айын қарсы алып отыр.



– Биыл мұсылмандық ай күнтізбесі бойынша қасиетті Рамазан айы 30 күнге созылады. Сәуірдің 2-і рамазан айының бірінші күні. Осы айдың 27-нен 28-не қараған түні қасиетті Қадір түнін қарсы аламыз. 2 мамыр Ораза айт мерекесі. Алланың қалауымен он екі айдың сұлтан, қадір-қасиеті мол мүбарак айға жеттік. Бұл айда мүмнің ырзақ-несібесі еселенеді. Қасиетті шараның барлық күнінде орталық мешітте ауызашар дастарханы

жайылады. Мешіттерде уағыздар үздіксіз жүргізіледі, – деді өңірлік коммуникациялар орталығында өткен баспасөз мәслихатында «Ақмешіт-Сырдария» мешітінің бас имамы Болатбек Ұласқанұлы.

Сондай-ақ ол Рамазан кезіндегі ораза ұстаушы адамның қадір-қасиеті мен дәрежесіне ерекше тоқталып, медицина тұрғысынан денсаулығына тигізер пайдасын баяндады. Қасиетті күндері «Ауызашар қоржыны» қайырымдылық акциясы, «Қош келдің Рамазан!» атты рухани кеш өткізу жоспарланған.

– Рамазан айы мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін қасиетті ай. Ораза айы басталмай тұрып Жаңақорған ауданында 100 отбасына қайырымдылық шаралары жасалды. Сонымен қатар «Рахым үшін құрбан шал» акциясы өтті. Алдағы уақытта «Рамазан қоржыны» атты қайырымдылық іс шарасы басталады, – деді ҚМДБ «Зекет және қайырымдылық» қорының Қызылорда облысы бойынша өкілі Оңталған Жидебаев.

Ораза – жан мен тәнді рухани тазартатын үлкен сабыр мектебі. Ендеше, қасиетті айда жасалатын құлшылығымыз молынан болғай.

«Ақмешіт-ақпарат»

ОРАЗА – САБЫР МЕКТЕБІ



Бүгін күллі мұсылман әлемі үшін қасиетті, он екі айдың сұлтан, берекелі де кешірім мол Рамазан айы басталды. Бұл айда Алланың мейірімі төгіліп, жұмақтың есігі айнара ашылады. Сауаптар еселеніп жазылатын шапағаты мен шапағаты мол ай. Ораза жан мен тәнді рухани тазартатын сабыр мектебі. Құдси хадисте Алла Тағала: «Ораза – тек мен үшін. Оның сыйын (сауабын) Өзім ғана беремін...»

деп оразаның қадір қасиетін баяндаған. Сондықтан қасиетті айда жасалатын құлшылық жөнінде көп көкейіндегі сұрақтарды облыстық «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешітінің наиб имамы Қайырбек Отызбаевқа қойған едік.

3 БЕТТЕ

Аслан НҰРАЗҒАЛИ

БАЛАЛАРҒА БАЛЛ ҚОЙҒАН ДҰРЫС ПА?

Қазақстандағы білім беру жүйесі соңғы 5 жылда елеулі өзгерістерге ұшырады. Ұстаздардың мәртебесі артып, білім беру жүйесі де біраз өзгерді. Соның ішінде алғашқы кезеңде көп резонанс тудырған оқушыларды «балдық» жүйемен бағалау тәсілі де бар. Бүгінде балаңыздан «Қай сабақтан неше алдың?» деп сұраудың өзі қисынсыз естіледі. Себебі бұрынғыдай төрт пен бес секілді баға жоқ. Міне, осы өзгеріс бүгінде қандай нәтиже беруде, балдың бағадан ерекшелігі қандай деген сұрақтарға жауап іздеп көруді жөн көрдік.



Мектептің міндеті – балаларды үлкен өмірге дайындап, оларға қоғамда қажет болатын білім мен дағдыға баулу. Орта білім беру саласында критерий бойынша бағалау әдеттегі бес балдық жүйеге қарағанда балаларды баға үшін емес, білім үшін оқуға итермелейді. Себебі ер жеткенде журналға қойылған бестіктер емес, мектепте алған білімі көмектесетіні дәлелдеуді қажет етпейді.

Еліміздегі жалпы орта мектептердегі білім беру форматын жаңғырту кезең-кезеңімен жүзеге асып келді. Осы орайда білім мазмұнымен қатар оқушы білімін бағалау «критериалдық» деп аталатын жана жүйеге ауысты.

Бұл жүйе арқылы оқушылар формативті, бөлімдік жиынтық және тоқсандық жиынтық атты үш түрлі бағалаудан өтеді. Бес балдық бағалаудан критериалды бағалауға ауысудың себебін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі 2017 жылы былайша түсіндірген еді:

«Бұл жүйені мамандар алты жыл бойы дайындап, бірқатар мектептерде қанатқатты жоба ретінде сынап көрді. Ал бүгін балаларға үлкен өмірге қадам басуды үйрететін осы «бағалаудың» пайдасын қарапайым мысалмен түсіндіргіміз келеді.

Сауалнамалар нәтижесі бойынша, жас маманды қызметке қабылдар кезде жұмыс берушілер оның алған бағаларына мән бермейді. Онда бағаның не керекі бар?

3 БЕТТЕ

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҒЫ: шекті көлемі артты

Үстіміздегі жылдың 1 сәуірінен бастап Қазақстанда зейнетақы қаражатының бір бөлігін мерзімінен бұрын пайдалану үшін ең төменгі жеткілікті шегі өсті.



Әр жастағы адам үшін зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткілікті шегі туралы ақпарат «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының» сайтында көрсетілген. Дегенмен зейнетақы жинақтарын пайдалану мақсаттары өзгермеген. Қаражатты тұрғын үй жағдайын жақсартуға және ем-дом алуға жұмсауға болады. Оған дейін Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына орай 2021 жылға есептелген төменгі жеткіліктілік шегін қолдану мерзімі 2022 жылдың 1 сәуіріне дейін ұзартылған еді.

Еске сала кетейік, әлеуметтік желіде ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Аманжан Жамалов Үкі-

метті зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткілікті шегін қолдану мерзімін 2022 жылдың соңына дейін ұзартуға шақырды. «Күрделі экономикалық және әлеуметтік жағдайды ескере отырып, «AMANAT» партиясы жанындағы Экономика, кәсіпкерлік және аграрлық сектор мәселелері жөніндегі республикалық қоғамдық кеңестің Төрағасы ретінде Үкіметті зейнетақы жинақтары ең төмен жеткіліктілігінің ағымдағы шектерінің қолданылу мерзімін 2022 жылдың соңына дейін ұзартуға шақырамын», – деп жазды депутат.

«Ақмешіт-ақпарат»

КАРТОП, СӘБІЗ ЕСЕЛЕП ЕГІЛЕДІ

«Шаруашылықтардың әрбірі өнім көлемін сақтау ісіне және тиімділік жағына мән беру қажет. «Байқоңыр» ӘКК» АҚ бірлесіп, қажетті картоп, сәбіз, пияз және де басқа өнімдерді егіп, тұрақтандыру қорына ұсынып, сырттан өнім алуға деген тәуелділікті азайтуға жұмыс жасайық», – деді облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова арнайы жиында.

Рас, қыста картоп пен сәбіз бағасы шарықтайды. Сондықтан бағаны тұрақтандыру мақсатында өзіміздің жерден жатсынбай шығатын өнімдерді көбірек еккен жөн.

Қызылорда күрішімен танымал. Сырдың күріші дәмінің ерекшелігімен есте қалады. Қаламызда күріш егуге дайындық басталып та кеткен. Қалалық ауыл шаруашылығы бөлімінің берген мәліметіне сүйенсек, егіске 1019 тонна күріш тұқымы құйылған. Оның ішінде тұқымның 23,3 проценті отандық сорттар, 76,7 проценті ресейлік сорттар құрайды. Атап айтқанда, отандық сорттар бойынша 217 тонна «Сыр сұлуы», 21 тонна «Маржан», ресейлік сорттар бойынша 135 тонна «Лидер», 646 тонна «Янтарь» сорттарын егу жоспарда бар.

Ал жоспарланған 304 гектар жаздық бидайдың 222 гектары егілген. Одан бөлек 40 гектар мақсары, 145 гектар сорго, 248 гектар жаңа жоңышқа егіліп, 1067 гектар ескі жоңышқа тырмаланып суарылған.

СУ ТАПШЫЛЫҒЫ АЛАҢДАТАДЫ

Егінді егуін егеміз. Алайда егістің бітік шығуы үшін оны өз көлемінде және уақытында суарудың да маңызы зор. Су мәселесі өткен жылғыдай өзекті болғалы тұр. Сондықтан да суды аз қажет ететін өнім түрлеріне көңіл бөлу қажет. Аймағымызда Үкімет резервінен бөлінген қаржыға барлығы 21 канал тазалау, 52 ұңғыманы жөндеу және бұрғылау, 133 дана насос қондырғысын алу жоспарланған.

Ал қаламыздағы шаруалар су тапшылығының алдын алу үшін қандай шаралар қолданады? Бұл

Басы 1-бетте



ЕГІН ЕГУГЕ ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

жөнінде қалалық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Нұрбек Әзірбекке хабарлаған едік.

Бөлім басшысының сөзіне сүйенсек, осы жылы 8956 гектар алқапқа егін егу жоспарланған отыр. Шаруашылықты биыл да су тапшылығы мәселесі алаңдатып отырғаны белгілі. Көксарай су қоймасындағы жиналған судың көлемі былтырғы жылмен салыстырғанда 1 млрд 294 млн текше метрге аз. Сондықтан да ауылдық округтерде насос қондырғысын қою бойынша тиісті жұмыстар атқарылуда. Яғни егінін егіп, еңбекті зая кетірмеу үшін қажетті жұмыстарды жасап алуды қолға алған.

Қызылорда күрішімен танымал. Сырдың күріші дәмінің ерекшелігімен есте қалады.

Қаламызда күріш егуге дайындық басталып та кеткен. Қалалық ауыл шаруашылығы бөлімінің берген мәліметіне сүйенсек, егіске 1019 тонна күріш тұқымы құйылған. Оның ішінде тұқымның 23,3 проценті отандық сорттар, 76,7 проценті ресейлік сорттар құрайды. Атап айтқанда, отандық сорттар бойынша 217 тонна «Сыр сұлуы», 21 тонна «Маржан», ресейлік сорттар бойынша 135 тонна «Лидер», 646 тонна «Янтарь» сорттарын егу жоспарда бар.

ТЕХНИКА ДАЙЫН

Орақшы – бір кісі, комбайн – мың кісі. Бүгінгі таңда озық техникалар барлық жұмысты тындыруға тиімді. Қаланың шаруашылықтарында да трактор, жүк көлігі, комбайндар сақалдай сай тұр. Көктемгі егін егу жұмыстарына техникалар 100 процент дайын. Қазіргі таңда бұл жұмыстарға 91 трактор, 22 трактор тіркемесі, 21 соқа, 9 дән сепкіш, 5 жүк көлігі дайын тұр. Оларға қажетті жанар-жағар майдың жетіспеушілігі білінбейді. 1000 тонна дизель отынын жеткізіп беруші операторлар «РК Мұнай» және «Нефть-Транс-Қызылорда» ЖШС болып белгіленген. Бүгінгі күнге шаруашылық құрылымдарының қажетті дизель отынын сұранысы бойынша келісім-шартқа отыруда.

Ауыл шаруашылығы саласы қашан да мемлекет тарапынан көмек көрсетуді қажет етеді. Себебі ол еліміздің экономикалық, әлеуметтік өмірінде

Түйін. Азық-түлік бағасы аспандап тұр. Сондықтан ауыл адамдары әрекет етіп, көктемгі егіске толық дайындалғаны жөн-ақ. Ең болмағанда өзімізден картоп, жуа, сәбіз, қызылша секілді бақша дақылдарын егуді қолға алу керек. «Көктемнің әр күні – жылға азық» деп қазақ бекер айтпайды. Көктемгі далалық жұмыстарды тез аяқтау – басты міндет. Ол үшін дала еңбеккерлерінің маңдай терін төгуге тура келеді. Жұмыс жүйелі болса, мол өнім алуға әбден болады. Әрбір нәтижесінің артында үлкен еңбек пен маңдай тер жататынын ұмытпаған дұрыс. Яғни, еңбек адамдарының еңбегі зор.

Қаланың шаруашылықтарында да трактор, жүк көлігі, комбайндар сақалдай сай тұр. Көктемгі егін егу жұмыстарына техникалар 100 процент дайын. Қазіргі таңда бұл жұмыстарға 91 трактор, 22 трактор тіркемесі, 21 соқа, 9 дән сепкіш, 5 жүк көлігі дайын тұр. Оларға қажетті жанар-жағар майдың жетіспеушілігі білінбейді. 1000 тонна дизель отынын жеткізіп беруші операторлар «РК Мұнай» және «Нефть-Транс-Қызылорда» ЖШС болып белгіленген. Бүгінгі күнге шаруашылық құрылымдарының қажетті дизель отынын сұранысы бойынша келісім-шартқа отыруда.

айрықша орын алатын сала болып табылады. Сондықтан да жанар-жағар май мәселесі шешімін тапса, шаруаларға мемлекеттің көмек көрсеткені болар еді.

АШЫҚТЫҚ, НАҚТЫЛЫҚ, ЖЕДЕЛДІК – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Бүгінде халықты алаңдатқан тағы бір мәселе – Украина мен Ресей арасындағы қақтығыстың біздің елде де кері әсері болуы мүмкін деген қорқыныш. Расында, екі мемлекет арасындағы жағдай әлем елдеріне әсер етпей қоймады. Осы тұста облыс әкімінің орынбасары Қайрат Нұртай «Ресей мен Украина – бірі біздің жақын көршіміз, енді бірі саяси-экономикалық тығыз байланыстағы әріптесіміз» екенін атап өтті. Сондықтан жергілікті халық арандатулар мен теріс ақпараттың жетегінде кетуден аулақ болуға шақырды. Ол өз сөзінде осы мәселе бойынша азаматтар өз көзқарастарын БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы білдіріп отырғанын жеткізді.

Облыс әкімі орынбасарының айтуынша, бүгінде облыс әкімдігі тарапынан аймағымыздағы қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету бағытында жүйелі жұмыстар жүзеге асырылуда. Атап айтсақ, «Аймақтағы өзекті мәселелерді тиімді шешу мақсатында жыл басында «Әлеуметтік Басы 1-бетте»

«Қызылорда қаласы бойынша 2022 жылға жұмыс орындарына квота белгілеу туралы» Қызылорда қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 30 қарашадағы №1528 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ: 1. «Қызылорда қаласы бойынша 2022 жылға жұмыс орындарына квота белгілеу туралы» Қызылорда қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 30 қарашадағы №1528 қаулы қосымшасына мынадай өзгеріс енгізілсін: көрсетілген қаулының 1-қосымшасы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес жана редакцияда жазылсын.

2. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі Г. ҚАЗАНТАЕВ

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2022 жылғы «...» _____ №... қаулысына 1-қосымша

АУЫЗ СУ МЕН АЯҚ СУ БАСТЫ НАЗАРДА

Акмарал ОЛЖАБАЙ

Жыл сайын күн жылып, көктем келісімен ауыз су мен аяқ су мәселесі алдымыздан шығады. Әсіресе, өткен жылы еліміздегі құрғақшылық шаруаларға ауыр тиді. Жылығанға жұдырық болып Сырдарияның да деңгейі төмендеп кетті. Қазіргі кезде Сыр өңірінде су тапшылығы ең өзекті мәселеге айналды.

Осыған орай бүгінде билік халықты сапалы ауыз су мен аяқ суды қамтамасыз ету үшін жан-жақты жұмыстар артқарауда. Бұл жөнінде қалалық мәслихаттың кезекті XVII сессиясында қала әкімінің орынбасары Елмұрат Рахматуллаев мәлімдеді.



Сессияның күн тәртібінде 8 мәселе қаралып, жан-жақты талқыланды. Қалалық мәслихаттың кезекті XVII шақырылымына мәслихат хатшысы Ибадулла Құттықожаев төрағалық етті. Басты мәселе – ауыз судың сапасы мен аяқ судың қолжетімділігі. Бұл мәселені сессия қарауына әзірлеу үшін уақытша комиссия құрылып, сала мамандарының қатысуымен бірнеше басқосу өтті. Сондай-ақ депутаттар қаланы аралап, аталған мәселенің мән-жайымен танысты.

Бүгінде қала халқы ауыз сумен «Қызылжарма» және «Қызылорда жер асты су кен орны» арқылы қамтылуда. Қыс мезгілінде бір тәулікте 58 ұңғымадан 40-42 мың текше метр су таратылады. Ал жаз айларында халыққа 95-100 мың текше метрге дейін су беріледі. Қазіргі кезде қаспаның 82 мыңнан аса тұтынушыға қызмет көрсетуде. Тиісті мамандар ауыз судың сапасын күнделікті қадағалап, жіті тексеріп отыр. Өткен жылы «Қызылорда су жүйесі» мекемесі өз күшімен ауыз сумен кәріз су насостарына күрделі жөндеу жүргізді, – деді қала әкімінің орынбасары.

Алдағы уақытта бұл түйткілді мәселені түбегейлі шешу үшін атқарылатын жұмыстар легі көп. Атап айтсақ, «Еңбек», «Өркендеу», «Орбита», «Эдельвейс» бау-бақша серіктестіктері және «Сол жағалау», «Титов», «Қызылжарма» ауылдық округіне қажетті жерлерге су құбырлары мен желілерін салу мүмкіндігін жан-жақты қарастыру керек. Сонымен қатар сессия барысында «Орбита» және «Эдельвейс» бау-бақша серіктестігін ауыз суға қосу үшін сметалық құжатын әзірлеуге қаражат бөлу ұсынылды.

Аталған мәселе төнірегінде тұрғындар арасында суды үнемдеуге және су есептегіш құралын орнату бойынша ақпараттандыру жұмыстарын жіті ұйымдастыру керектігі де сөз болды. Сондай-ақ қала бойынша негізгі магистралды каналдар мен арық жүйелерін тазартып, аяқ су мәселесін онтайлы шешу жолдары қарастырылды. Оның ішінде «Қызылжарма», «Ботаникалық бақ» каналын тазарту жұмыстары – басты назарда.

Бүгінде қаланы аяқ сумен қамтамасыз ету үшін 15 канал жұмыс атқарады. Бұл каналдың көбісі 1971 жылдары қазылған.

Осы уақытқа дейін каналдардың тозығы жетіп, су өткізгіштік қабілеті бұзылған. Соның салдарынан қаланың аяқ сумен қамтылу көрсеткіші 30-35 процентті ғана құрайды. Қалада аяқ су жетіспеушілігі ауыз су мәселесіне өз әсерін тигізуде. Жылма-жыл 401,68 млн теңге шығын болса, 5 жылда 2 миллиард теңге жоғалып отырады. Сондықтан аяқ суға көңіл бөлуі біріңгі орынға қою керек. Қазіргі кезде қаланың аяқ суына тікелей пайдасын тигізетін 26 ұңғыма қазу және суды негізгі магистралды каналға жеткізу жобасына 98 млн теңге бөлініп, жеңілпазы анықталуда.

Ал мемлекеттік бағдарламалар аясында тұрғындардың сапалы ауыз су және аяқ сумен қамтамасыз ету барысы туралы қалалық мәслихат депутаты, «Қазушар» өндірістік ұйымының басшысы Ж.Нұрмұбетов хабарлама жасады.

Бүгінде қаланы аяқ сумен қамтамасыз ету үшін 15 канал жұмыс атқарады. Бұл каналдың көбісі 1971 жылдары қазылған. Осы уақытқа дейін каналдардың тозығы жетіп, су өткізгіштік қабілеті бұзылған. Соның салдарынан қаланың аяқ сумен қамтылу көрсеткіші 30-35 процентті ғана құрайды. Қалада аяқ су жетіспеушілігі ауыз су мәселесіне өз әсерін тигізуде. Жылма-жыл 401,68 млн теңге шығын болатын болса 5 жылда 2 миллиард теңге жоғалып отырады. Сондықтан аяқ суға көңіл бөлуі біріңгі орынға қою керек. Қазіргі кезде қаланың аяқ суына тікелей пайдасын тигізетін 26 ұңғыма қазу және суды негізгі магистралды каналға жеткізу жобасына 98 млн теңге бөлініп, жеңілпазы анықталуда.

Жалпы аяқ су жөнінде мәселе көп. Егерде бұл мәселе шешілмесе қаланы қоғалдандыру, көршею және ауыз судың жетіспеушілігі жалғаса беретіні айdan анық, – деді қалалық мәслихат депутаты.

Сонымен қатар сессияда қалалық қоғамдық кеңестің жаңа құрамы бекітілді. «Қоғамдық кеңестер туралы» ҚР 2015 жылғы 2 қарашадағы заңына сәйкес 2019 жылдың 15 наурызында құрылған Қызылорда қалалық Қоғамдық кеңесінің үшін жылдық өкілеттік мерзімі осы айда аяқталды. Осыған орай Қоғамдық кеңестің жаңа құрамын жасақтау бағытында тиісті жұмыстар жүргізіліп, 19 азамат мақұлданды. Атап айтсақ, 9-ы өзін-өзі ұсынған азаматтар, ал 5-і қоғамдық ұйымдардан, 2-і мемлекеттік органның, 2-і өкілді органның, 1-і квазимемлекеттік сектордың өкілдері қатарынан сайланды.

Депутаттардың кезекті отырысында Қызылорда қалалық мәслихатының 2021 жылғы 28 шілдедегі №54-8/1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» мәселесіне байланысты қалалық мәслихаттың регламентіне өзгерістер енгізілді. Осыған дейін елімізде төтенше жағдай режиміне байланысты сессия отырысы бейнеконференция арқылы өтті. Енді депутаттардың барлығы сессияға қатысуға міндетті.

Күн тәртібіндегі келесі мәселелердің барлығы депутаттар назарынан тыс қалмады. Себебі олар әрбір мәселе бойынша тиісті сала мамандарына сауал жолдап, жан-жақты талқылады. Кездесу барысында «Қызылорда қалалық мәслихатының тұрғын үй, коммуналдық шаруашылығы, өндіріс және экология мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі тыңдалды. Сонымен қатар «Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын бекіту, Қызылорда қалалық мәслихатының 2016 жылғы 6 сәуірдегі №8-2/2 шешіміне өзгерістер енгізу, Қызылорда қаласы елді мекендерінің аумағындағы жергілікті қоғамдастық жиналысының регламентін бекіту туралы ұсынылды. Сессияда қаралған мәселелер бойынша тиісті шешім қабылданды.

2022 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін квота

Table with 5 columns: №, Ұйымның атауы, Жұмыскерлердің тғымдік саны, Квотаның мөлшері (%), Квотаның мөлшері (%). It lists various organizations and their respective quotas for probation services in 2022.

О внесении изменений в постановление Кызылординского городского акимата от 30 ноября 2021 года №1528 «Об установлении квоты рабочих мест на 2022 год по городу Кызылорда»

ПОСТАНОВЛЯЕТ: 1. Внести в постановление Кызылординского городского акимата «Об установлении квоты рабочих мест на 2022 год по городу Кызылорда» от 30 ноября 2021 года №1528 следующее изменение:

Приложение 1 к указанному постановлению изложить в новой редакции согласно приложению 1 к настоящему постановлению.

2. Коммунальное государственное учреждение «Кызылординский городской отдел занятости, социальных программ и регистрации актов гражданского состояния» акимата города Кызылорда принять меры вытекающие из данного постановления.

3. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорды.

4. Настоящее постановление вводится в действие со дня первого официального опубликования.

Аким города Кызылорды Г. КАЗАНТАЕВ

Приложение 1 к постановлению акимата города Кызылорда от «...» _____ 2022 года №...

Квота для трудоустройства лиц, состоящих на учете службы пробации на 2022 год

Table with 5 columns: №, Наименование организации, Списочная численность работников, Размер квоты (%). It lists organizations and their respective job quotas for probation services in 2022.

БАЛАЛАРҒА БАЛЛ ҚОЙҒАН ДҮРЫС ПА?

Мұғалімдердің пікірінше, баға – баланың оқу барысындағы бағытын айқындау үшін қажет. Алайда дәстүрлі бес балдық бағалау жүйесі бұл талаптың үдесінен шыға алмайды. Сондықтан да мектепте білім беру жүйесіне критерий бойынша бағалау әдісі енгізілуі.

2014 жылы «Астана» қоныс-дәстүрлі мүшесі Тур де Франс жарысында жеңімпаз болды. Мектеп қабырғасындағы білім де осы велотурнирге ұқсас. Бұл әдісте де екі кезеңді алға тартуға болады. Оқу барысын веложарыс кезеңі десек, жетістіктерді санамауға – барлық кезеңнің жалпы уақытын есептеу. Әр баланың қабілеті әртүрлі, қызығушылықтары да әр алуан. Осыған қарамастан оқушының барлығы жаңа дүниені білуге ұмтылады. Соңында оған қол жеткізеді де. Ал жетістікке қандай жолмен жеткені маңызды ма?

Винченцо Нибли турнирдің екінші кезеңінде қарқынды бөсендетті. Бірақ жалпы есепте жеңімпаз болуына бұл кедергі келтірген жоқ. Оқыту барысында баға қойып отыру – жеңімпазды жарты жолда анықтау секілді қисынсыз әрекет. Қазіргі оқу бағдарламасы бойынша әдеттегі баға қоюдың орнына қалыптастырушы бағалау енгізілген. Мұғалім баланың орындаған тапсырмаларына пікір жазу арқылы негізгі ұстанған білім бағытына қарай жол сілтейді. Осылайша оқушыны баға үшін емес, білім үшін оқуға итермелейді.

Берілген оқу материалының соңында оқушының алған білімі анықталады. Көп жылдардан бері баланың білімін журналға қойылған баға көрсетіп келген еді. Мұғалімдердің бағалау деген ортақ талаптары болмауына орай, әрі оның бағамын «бестіктің» пайдасына жығып берудің арқасында соңғы жылдары бағаның да құны түсе бастады. Яғни, оқу күрделене бастаған сайын үздік оқушылар саны арта түсті. Оқушылардың жетістіктерін нақты талаптар бойынша бағалап, әрі біржақты пікір тұмауы үшін мектепте жиынтық бағалау енгізілді. Балалар бірлесіп стандартты сынақ тапсырып, оның қорытындысы автоматты түрде негізгі бағаға айналады. Әрі бұл жариялы, ашық түрде жасалады. Әдетте велобағандоздың да әр кезеңдегі уақыты қосылып, уақытына қарай жеңімпаз анықталады.

Мектептің міндеті – балаларды үлкен өмірге дайындап, оларға қоғамда қажет болатын білім мен дағдыға баулу. Орта білім беру саласында критерий бойынша бағалау әдеттегі бес балдық жүйеге қарағанда балаларды баға үшін емес, білім үшін оқуға итермелейді. Себебі ер жеткенде журналға қойылған бестіктер емес, мектепте алған білімі көмектесетін дәлелдеулі қажет етпейді», – деп жазды Білім және ғылым министрлігі «Одноклассники» парақшасында.

Алайда бүгінгі күннің өзінде бұл бағалау жүйесінің көңілден шықпайтынын айтып, бұрынғы 4 пен 5 деген баға дұрыс деп жүргендер бар. Мәселен, есімін жасырын қалдыруды сұраған ата-ана бұл жүйе бойынша баланың оқуға деген ынтасы төмендеп кеткенін алға тартты.

– Балам мектепте оқиды. Бұрын 5 алдым десе мақтау сөздерді жиі айтып тұратын едік. Қазір БЖБ мен ТЖБ кезінде ғана баға алатын болды. Оның өзінде баға емес балл қойылады екен. Басқа күндері «жарайсың», «сабаққа белсенді қатыстың» деген жазақ сөздер ғана еститін болуы керек. Оқушы қанша дегенмен кішкентай бала ғой. Жаксы баға алса шамалы шабыттанып, оқуға деген құлшынығы артар еді. Ал қазір бақылау жұмысы болады десе әбден қиналып, дайындықтан бас алмайды. Менің ойымша, мұндай бақылаулар баланың жүйке жүйесіне ауыр тиеді, уайымдатады. Одан бөлек, мұғалімдер қағазбастылықтан артыды дейді. Әйтсе де, жаңа жүйе бойынша олардың жұмысы екі есе көбейген. Олар әр сабаққа формативті бағалау жүйесі үшін түрлі тапсырма дайындап, сабақты жоспарлап, кітаптан бөлек мағлұмат іздеуі керек. Оның үстіне БЖБ мен ТЖБ дегені тағы бар. Міне, сол үшін бұрынғы

бағалау тәсілі оқушыға да, балаға да тиімді деп есептеймін, – дейді ата-ана.

Бұрынғы бес балдық бағалау жүйесі туралы ҚР Білім және ғылым бірінші вице-министрі Шолпан Қаринова түсіндірген еді. «Бұрын фактологиялық білімге



басымдық берілді. Ондайда оқушыларға өңделген және дайын материалдар ұсынылатын. Яғни ақпараттық білім беру басым болатын. Ал критериялық бағалау жүйесі баланың ойлау дағдылары мен алған білімін қаншалықты қолдануға қабілетті екенін анықтауға мүмкіндік береді. Бұрынғы және жаңа жүйенің жүктемесі бірдей, бірақ критериялық бағалаудың артықшылығы көп. Оқушылар «4» пен «5» алу үшін оқмайды, ұнай жинау арқылы оқу бағдарламасын меңгеруге тырысады. Осының арқасында білімнің сапасы да артады. Ескі жүйе кезінде бастауыш сынып мұғалімдері күн сайын дәптер тексеретін. Қазақ, орыс тілдері, математика, физика, химия мен биология пәні мұғалімдері үшін де солай болды. Себебі орта және жоғары сыныптарда жазбаша, зертханалық және практикалық жұмыстар көп. Бүгін осы мұғалімдер жиынтық тексерулер кезінде қиындық көріп жатқан жоқ. Әрине, бұрын жазбаша жұмыстары болмаған және оқушылардың ауызына жауаптарын ғана бағалауға үйренген пән мұғалімдер қиналып жатыр», – деді вице-министр.

Қалың білім бөлімінің басшысы Динара Баймұразаеваның айтуынша, мектепте балл қою арқылы оқушының тұлғалық бағытын белсенді позицияға бағыттап, жауапкершілік пен нәтижеге жеткізу мүмкіндігі ұлғайған.



– Сарапшылардың пікірінше, Қазақстан мектептеріндегі балл бойынша бағалау мұғалімнің білім деңгейін бағалауға икемді болуына көмектеседі, ал оқушыларды бұл әдіс оқу-танымдық әрекеттерге ынталандырады.

Қалыптастырушы бағалаудың жаңа жүйесі оқушылардың білімін бағалауға неғұрлым икемді көзқарасты көздейді, себебі бағалаулардың кеңейтілген ауқымы оқушылардың білімі мен дағдысын нақты бағалауға мүмкіндік береді. 10 балдық бағалау жүйесі оқушыларға өз бетінше жұмыс істеу үшін тапсырмаларды қиындық деңгейіне сәйкес дербес таңдауға мүмкіндік береді және осы арқылы оқушылардың оқу мен танымдық іс-әрекетін ынталандырады.

Қалыптастырушы бағалау, әр бөлім бойынша жиынтық бағалау және тоқсандық бағалау арқылы қорытынды баға қойылады. Одан бөлек сабақ барысындағы оқушының белсенділігі мен тапсырма орындау кезінде де электронды күнделікке балл қойылады, – дейді шарһарлық бас ұстазы Динара Қонақбайқызы.

Сондай-ақ білім бөлімінің басшысы критериялық бағалаудың бірқатар жағымды тұстары да бар екенін айтты. Оның сөзінше, мұндай бағалау жүйесі білім беру процесінің барлық формативті бағалау жүйесі үшін түрлі тапсырма дайындап, сабақты жоспарлап, кітаптан бөлек мағлұмат іздеуі керек. Оның үстіне БЖБ мен ТЖБ дегені тағы бар. Міне, сол үшін бұрынғы

сапасын жақсартуға, мектеп бітірушілердің білімін халықаралық стандарттарға сәйкестендіруге жағдай жасайды. «Критериялық бағалау – бүгінгі білім жүйесіндегі жаңа талап. Оқушы сын тұрғысынан ойлау арқылы алдына мақсат қоя біледі. Әрі нәтижеге жетуге үлкен тапшыныс болатынын уақыт байқап отыр. Бүгінгі заман талабы – жан-жақты дамыған, өзіндік «мені» қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Критериялық бағалау осы талаптың орындалуына мүмкіндік береді», – дейді ол.

Бағалау жүйесінің жаңа тәсілін оқушылар қалай қабылдағаны туралы да білуіміз міндет деп түсіндік. Білімі балмен бағаланып жүрген оқушылардың да пікірін тыңдап көрдік. **9 сыныпта оқитын Мунира Амантаева** мұндай жүйенің тиімді екенін айтты.



– Қазіргі бағалаудың негізгі пайдасы – оқушылар бағаның соңына түспей, оқу мақсатына қол жеткізуге, білім алуға, жаңа тақырыпты игеруге ұмтылады. Критериялық бағалау оқу процесін де қызықты ете түседі. Мұндайда оқушылардың сөйлеу қабілеті, зейін мен тыңдай білу секілді қасиеттері артып, жаңа тақырыпты ұзақ уақыт жалдында сақтауға машықтанды. Сонымен қатар тарау біткен кезде «екі балл» алған балалар жаксы баға алудан ұмытпн үзбей, тоқсан соңына дейін үлгерімін жақсартуға, келесіде жоғары балл алуға мүмкіндігі бар. Яғни «Екі балл» деген бұрынғы екілік бағаға қарағанда аса жаман емес. Білімге ынтасы болса, одан да жоғары балл алады, – дейді 9-сынып оқушысы.

Мектеп психологтары да критериялық бағалау жүйесі оқушыларға өз әсер ететінін алға тартуда. Мысалы, Ж.Махамбетов атындағы №43 орта мектептің педагог-психологы **Жанерке Исмаилова** мұндай бағалау жүйесі оқушының әрекеттері мен міндет-құлықтарын ынталандыратынын, сондай-ақ тұлғаны толық дамытуға әсер ететінін айтты.



– Оқу жетістіктерін балл қою арқылы бағалау – оқушылар үшін оқу үлгерісін қуандылығына қол жеткізетіндей, яғни, оқу баға алу үшін емес, білім мен дағдыны меңгеруге бағыттауға жағдай жасайды. Нашар бағалардың «салмағы» жойылады. Яғни, оқушылардың бұрынғы нәтижелеріне қарамастан жақсы нәтижеге қол жеткізуіне мүмкіндік беріледі. Сонымен қатар тиімді бағалау оқушыларда еңбексүйгіштік, әділдік, адалдық, жауапкершілік, өзін-өзі реттеу секілді оң қасиеттерді дамытады.

Бағалау жүйесіне оқушылардың сенімі болған жағдайда ғана баға оң әсер ете алады. Кез келген баға, ол жақсы не төмен баға болсын, оқушылардың мотивіне әсер етеді, олардың әрекеттері мен міндет-құлықтарына әсер етеді.

P.S. Елдегі білім беру жүйесі уақыт пен заман талабына сай өзгеруде. Қоғамда бұл өзгерістерді қолдайтын да, бұрынғы жүйені қайтаруды қалайтындар да бар. Дегенмен көш жүре түзелетіні анық. Министрлік бұл өзгерісті білім беру саласы үшін оңтайлы санап, енгізгеніне сенім мол. Ал бұл өзгеріске тосырқай қараған ата-аналар мен оқушылар әлі-ақ жаңа жүйемен тіл табысып кетер. Десе де «Қазақтың тағдыры да, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі», – деген Мағжан Жұмабаевтың сөзін қаперден шығармау керек.

ынталандырады, сондай-ақ тұлғаның толық дамуына әсер етеді. Сондықтан объективті баға негізінде өз мінезін реттейтін оқушы келешекте жақсы нәтижеге жету артықшылығына ие болады, – дейді педагог-психолог Жанерке Берікқызы.

Осы орайда білім беру жүйесінің шетелдегі ахуалын да саралап көрдік. Мысалы, АҚШ-тағы білім беру жүйесі біздің жүйемізге сәйкес келмейді. Америкалық оқушылар мектепте 12 жыл білім алады және «elementary», «middle» мен «high school» атты бастауыш, орта және жоғары сыныптарға бөлінеді. Сонымен қатар әр мектеп деңгейіне қарай бөлінеді, яғни жоғары сыныптардың мектебінде бастауыш немесе орта сынып оқушылары оқмайды. 5-6 жасынан бастап бастауышқа барғандар оқу-жазуды үйренсе, 11-12 жасынан бастап орта мектепте математика, ағылшын, тарих пен ғылыми пәндерді оқиды. Ал жоғары мектепте оқитын оқушылар 14-тен 16 жасына дейін өздерінің болашақ мамандықтары бойынша оқитын пәндерін жасактап, сол сабақтарды ғана оқиды. Сонымен қатар жоғары мектептің соңғы екі сыныбында SAT атты қорытынды тестілеуге дайындалады.

Ал америкалық оқушыларды бағалау жүйесі А, В, С, D, F секілді әріптермен бағаланады және оның жанында әрқашан плюс немесе минус болады. Яғни, елдің білім саласында қолданылған бес балдық бағалау жүйесі секілді. Мектептегі бағаларының жиынтығымен GPA (grade point average) атты орташа балл қойылады. Бұл ЖОО-ға түсу кезінде едәуір рөл атқарады. Мұндағы оқушы үлгерімін бағалауға тестілеу ерекше орын алады. Тестілеу жүйесімен оқушылар бастауыш мектепте-ақ танысып, әр оқу жылының аяғында тапсырады. Осылайша орташа балын алып, орта мектепте GPA-сы неғұрлым жоғары оқушының сапалы білім беретін жоғары мектепке қабылдану мүмкіндігі артады.

Ал Қытайдағы білім беру жүйесі едәуір қиынрақ. Мұндағы оқушылар 6 жыл бастауыш мектепте оқыса, 3 жылдан орта және жоғары мектепте білім алады. Алғашқы алты жылда оқушылар қытай тілі, математика, тарих, география, музыка мен жаратылыстану пәндерін оқиды. Одан бөлек кейде мораль және этика бойынша қосымша сабақтар өтеді. Сонымен қатар оқушылар практикалық білім алып, түрлі шеберхана мен фермаларда еңбек ете алады.

Орта мектепте оқушыларға математика, шет тілі мен ғылыми пәндерді тереңірек оқи бастайды. Саясаттануға да ерекше көңіл бөлініп, ақпараттық технологияны игереді.

Қытайдағы білім беру жүйесінің жүктемесі ауыр болып есептелетіндіктен әр күн екіге бөлінеді. Күннің алғашқы жартысында оқушылар негізгі пәндерді оқыса, түстен кейін қосымша пәндерді игереді. Сонымен қатар жазғы демалыс кезінде де көп тапсырманы нәтижеде оқушылар біраз уақытын білім алумен өткізеді.

Мектеп тәртібі өте қатал. Себебісіз он екі рет сабақтан қалған оқушы оқудан шығарылады. Барлық емтихандар тест түрінде өтеді, ал білім деңгейі 100 балдық жүйемен бағаланады. Орта мектепті бітіргеннен кейін қосымша жоғары білім алу міндетті емес. Егер баланың қалауы болса және ата-анасының қаржылық әлеуеті жетсе, жоғары мектепте оқуына болады.

Жоғары мектепте оқымас бұрын оқушы өз бағытын анықтауы тиіс. Мәселен, ғылымды үйреніп, ЖОО-ға түсуді көзделсе академиялық бағытта, ал өндірісте жұмыс істеуді жоспарласа техникалық мектепте білім алуы қажет.



ОРАЗА – САБЫР МЕКТЕБІ

– Алдымен ораза сөзіне түсінік беріп өтсеңіз?

– Исламның бес парызының бірі – рамазан айы келгенде бір ай ораза ұстау. Дәлірек айтқанда, ақыл-есі дұрыс және балиғат жасқа жеткен әрбір мұсылманға ораза ұстау парыз. Ораза ғибадаты бізді дүниеде жамандықтардан сақтайтын, ақыретімізде тозақ отынан қорғайтын және құнарлымыздың күшірлілуіне себеп болған сауапты амал. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім шынайы сеніммен, сауабын Алладан күтіп, рамазан оразасын ұстаса, өткен күндері кешіріледі», – дейді.

– Рамазан айының құндылығы қандай?

– Рамазан – мұсылмандар үшін қасиетті және берекелі ай. Қасиетті кітабымыз Құран Кәрім осы айда тұса бастаған. Мұнымен қатар мың айдан да қадірлі болып есептелетін Қадір түні де осы айдың еншісінде. Сол себепті Рамазан айлардың сұлтаны, қадірлісі. Ораза ұстау – жақсы амалдарға жетелеп, бойды құнарлардан тазартып, Алланың разылығы мен сый-сауабына кенелуге мол мүмкіндік береді. Рамазан айында парыз болған оразаның аламағ берер сан-қырлы пайдасы бар. Мәселен, ораза ұстаған адам таңертеңнен кешке дейін ішіп-жеуден ғана тыйылмайды, күллі жағымсыз жаман істерден де тыйылып, жақсы да игі амалдарын көбейтеді. Ораза адамның мінез-құлқын түзеп, мейірім-шапағатын арттырады, сабырлы болуға, барға қанағат, Алланың берген нығметтеріне шүкір етуге тәрбиелейді. Рамазан осындай құндылықтарымен ерекше ай.

– Бүгінде жастар құндылықты түсіней «ораза тұтсам болды» деп жүр. Осыған орай, адамдардың инеті мен көңілі туралы айтып өтсеңіз?

– Алланың әміріне мойынсұнған барша мұсылман бір ай бойы ораза тұтады. Таң сәріден күн батқанша ішіп-жеуден, түрлі жаманылық атаулыдан сақтанып, күнә істерден бойын ала ұстайды және сабырлық, мейірімділік, қанағатшылық секілді қасиеттерге иелік етеді. Бір хадисіте: «Егер адам өтірік айту мен күнәлі істерін тастамаса, Алла ол адамның тағам мен судан тыйылғанына мұқтаж емес», – делінген. Бұл хадис оразаның мән-мағынасы қаншалықты тереңде екенін байқатады. Сондықтан ораза ұстауда бірінші кезекте ниетіміз Алла разылығы үшін болу керек. Екінші, күллі жаман сөздерден, жеккөрілген істерден сақтанып, сонда ғана ораза ғибадатының сауабы болады. Ораза ұстап жатқан жастардың қатары көбейіп келе жатқанына қуанамыз. Кей жастардың жіберген кемшілігін бетіне баспай, оған оразаның құндылығын, берілетін шексіз сауабын, қасиетті Рамазан айының қадірін айтып түсіндірген жөн.

Алланың сансыз сауаптарынан үмітті адам сабыр мен төзімнің үлгісі бола білуі тиіс. Тіптен, ораза кезінде айыптап, ауыр сөз айтқан кісінің өзіне де шыдамдылық танытып, пайғамбар (с.ғ.с.) өсиетінде айтылғандай «Мен – оразамын» деп жауап берген абзал.

– Қандай жағдайда ораза тұтпауға болады?

– Алла Тағала денсаулығы жарайтын, балиғатқа толған, ақыл-есі бүтін мұсылманға оразаны парыз етті. Алла Тағала Құран Кәрімде былай деген: «Сендерден кім Рамазан айында болса, ораза ұстасын. Ал кім (осы айда) науқас болып немесе сапар шегіп ораза ұстағаса, (қаз болған күндерін) басқа уақытта ұстасын. Алла сендерге жеңілдікті қалайды, ауыртыпалық артықсы келмейді» («Бақара» сүресі, 185-аят) Аят бізге мынаны түсіндіреді. Алла Тағала кей құлдарына рамазан айында белгілі бір себеппен ораза ұстамауына рұқсат еткен. Алайда белгілі себептермен рамазан айында ораза ұстай алмаған кісі кейін оразасының қазасын өтеуі міндетті. Қысқаша айтсақ, жолаушы кісі, науқас, жүкті немесе емделу әйелдер уақытша парыз оразадан себепке сай уақытша босатылады. Дегенмен жолаушы сапары аяқталған соң, сырақат дертінен жазылғаннан кейін, жүкті немесе емделу әйел денсаулығына қауіп төнетін уақытқа жеткенде рамазан айында қарыз болған оразасының қазасын өтейді. Құдси-хадистердің бірінде: «Ауыз берік адам ішіп-жеуін мен үшін доғарды. Ораза – Мені мен құлымын арасындағы ғибадат. Оған берілетін сыйды Мен ғана өлшеп, Мен ғана беремін», – деп Алла Тағала пендесін қуантады. Сондықтан ораза ұстауға ниеттенуіміз керек.

– Ораза айында немен айналысқан дұрыс?

– Рамазан айы жылына бір келетін қасиетті ай. Сондықтан бұл айдың қадірін біліп, сауапты амалдарды арттырған жөн болады. Мұсылманға берекелі айда сауап істерден қапы қалуына болмайды. Сол игілік істердің бастысын атасак: Оразаны шынайы ықыласпен лайықты түрде тұту. Тарауың жесе тәжәжді намаздарың оқу. Құран оқу. Жөк-жітікке садақа беру. Ауызашар жасау. Ауызашарда дұға-тілек тілеу. Қадір түнін құлшылықпен өткізу. Ұдайы дәрелтен журу. Алла Тағаланы көңілің ету. Әрдайым истиғфар

Басы 1-бетте

дұғасын айту. Күнә-қателіктерге тәубе жасау секілді амалдар жасаған жөн.

– Ораза қай кезде ұстауға? Бұзбайтын жағдайлар қайсы?

– Оразаны бұзатын жағдайлар: 1.Таң атқаннан күн батқанға дейінгі аралықта жеу, ішу, жыныстық қатынаста болу. 2.Дәрі ішу, құрамында нәрлі заттары бар укол қабылдау және темекі тарту; 3.Әдейі қусу, әрі ауыз толы құсықты жұту. Оразаны бұзбайтын жағдайлар: 1.Ұмытып ішіп-жеу; 2.Қан алдыру; 3.Ауыз, мұрынды шаю; 4.Шомылу, төбеден су құйылып жуыну; 5.Бой дәрестің таң аттыру; 6.Еріксіз қусу; 7.Көзге сүрме жағу; 8.Еріксіз тамағына түгін, тозақ, шыбын кіру; 9.Түкірік жұту; 10.Тістің арасындағы бұршақтан кішкене нәрсені жұту.

– Рамазан айының басында үш күн, ортасында үш күн, және аяғында үш күн ауыз бекітсе, бір ай оразаға тең келеді деп жүргендер бар. Нақты жауабын айтсаңыз?

– Бұл қате ұғым. Рамазан айында бір ай толығымен ораза ұстау парыз. «Бақара» сүресінің 185-аятында: «Кімде-кім ораза айына жетсе, оны толықтай ұстасын», – деп бұйрылған.

– Ораза алдында қырық күн тазару қажет деп жазады? Осы жөнінде толығырақ айтсаңыз. Қалай тазару керек? Мәселен, ораза алдында 2-3 күн бұрын ішімдік ішкен адам ораза тұтса бола ма?

– Мұндай түсінік, ұғым жоқ. Әрине, әрбір мұсылман қасиетті айға алдын-ала рухани дайындығын жасап, дұрыс ниеттеніп, ораза ұстауға қамданатыны сөзсіз. Рамазан айынан бұрын келетін ережелер және шағбан айы бізге қасиетті рамазан айының жақындап келе жатқанын есімізге салады. Бұл айларда нәпелі оразаларымызды, сауапты амалдарымызды жасап, рамазан айына рухани дайындықты қуаттай түсеміз. Себебі шағбан айының соңғы күнінде Алланың Елшісі (с.ғ.с.) былай деп айтқан екен: «Уа, адамдар! Сендерге ұлық, берекелі ай келіп жетті. Бұл айда мың айдан артық Қадір түні бар. Алла осы айда ораза тұтуды парыз етті, ал түндерінде намаз оқуды ерікті қылды. Осы айда Аллаға бір ізгі қасиетпен жақындаған жан басқа уақытта жүргендей орындағандай. Ал осы айда парыз амалын орындаған адам басқа уақытта жетпіс парыз орындағандай. Бұл ай – сабырлық айы. Ал сабырдың сыйы – жәннат. Өзара жанашырлық айы. Бұл айда мұминнің ырық-несібі еселенеді. Кімде-кім осы айда ораза тұтқан бір жанға ауызашар жасаса, оның күнәсі кешіріліп, тозақтан азат етіледі. Ораза тұтшының сауабынан да ешнәрсө кемітілмейді».

Ішімдік ішу әрине күнә, күллі жамандықтың кілті де осы ішімдік. Одан түбегейлі сақтану қажет. Рамазан айында ішімдігін біржола қойып, тәубеге келіп, ораза ұстауға ниет ету қажет. Бір ескеретін нәрсені, ораза айы біткеннен кейін баяғы таз қалына түсіп, ішімдігін қайта ішіп кетпеуі керек. Тесік шелекпен су тасығынның халін кешпеген дұрыс. Сауап орнына таудай күнә арқауы әбден мүмкін.

– Фидия деген не? Кей кісілер «ораза ұстамай фидия төлеуге болады» дейді. Мұны қалай түсінеміз?

– Рамаза айындағы парыз оразасын еш өтей алмайтындай жағдай болса оразадан кейін де сол қаза күндерін өтеуге денсаулығы болмайтын, яғни созылмалы науқас бар кісілер ораза күндерінің орнын фидия садақасын беру арқылы өтейді. Оразаның әр күні үшін бір мінсідін таңертең және кешке тамақтандырады. Ал денсаулығы бар кісіге фидия садақасын беріп, ораза ұстамай жүруіне болмайды. Кей кісілердің «ораза ұстамай-ақ фидия төлеуге болады» деуі қате түсінік. Дені сау адамға рамазан айында ораза ұстау парыз. Сондай-ақ ораза кезінде науқастың қалса, кейін дертінен айыққан қаза оразасын ұстайды.

– Ораза айт күндерінде қандай амалдар жасау қажет?

«Айт» сөзі – «мерекелеу», «хал сұрасу», «бір-бірін қуанту», «қуанышқа басқосу» деген мағыналарды білдіреді. Олай болса, ораза айт мейрамында халықтың шағ-шадымнан қуанатын, бір-бірін айт мерекесімен құттықтап, бауырластық көрсететін сәті. Хадис-шарифте былай келеді: «Алла Тағала: «Пенделерім Мен барып еткен оразаны атқарып, ақысын алуға (айт намазын өтеуге) мешітке бет алды. Олар Мен үшін ораза ұстады, Менің пәрменіммен ауыз ашты, енді қуанышқа келесің...», – дейді. Айт күнінде толық жуынып, әдемі иіс себініп, жамағатпен айт намазына қатысудың сауабы ерекше. Сондықтан бұл күндері Алланы ұлықтау, айт намазына қатысу, садақа беру, жетімнің басынан сипау, ағайын-туысқанды айт мейрамымен құттықтап, оларға сыйлық беру айт күні жасайтын жақсы амалдарымыз болып табылады екен.

– Өңгімізге рахмет. Алла ниетімізді қабыл етсін.

Сұхбаттасқан Айтқолын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

ҰЛЫЛАР СӨЗІНЕН

Мақтамен бауыздау

Қазақтың көрнекті сатирик-жазушысы һәм драматургі Қалтай Мұхамеджанов жүрген жерін күлкіге көміп жүретін өте әзілқой әрі жатыпатар айтқыш болған кісі. Саналы ғұмырында бірнеше құзырлы



қызметтің құлағын ұстап, беделді басылымдарды басқарды. Сондай беделді де беделді басылымдардың бірі «Ара» журналының бас редакторы кезінде жауапты хатшы Көпен Әмірбекті өзіне шақырғанды. Хатшы қыз оның жұмыста жоқ екенін айтады. Қалаең екінші күні де Көпенді қызмет орнынан таппайды. Бұл жағдай үшінші күні де қайталанатын. Сонда Қалтай Мұхамеджанов хатшысын шақырып алып:

– Жауапты хатшыға айтшы, ертең қолы тисе, мені қабылдасын, – деген екен.

Қарыз сұрау

Белгілі сыншы, әдебиетші Баламер Сахариев сөзге шешен, тапқыр, әзілқой адам болған екен. Ол «Балдырған» журналының редакциясына жиі келіп тұратын болса керек. Бірде Мұзағаң түскі асқа барып келсе, бөлмесінде Баламер отыр екен, амандық-саулықтан соң ол:

– Мұзаға, сізге өлең жазып қойдым, – деп екі жол өлең жазылған қағазды ұсына береді. Мұзағаң оқын қараса:

«Ауылымның қонғаны КИЗ-де деймін,
Бір өзіңнен басқаны іздемеймін» – деп емеурінмен қарызға ақша сұрапты. Көктем айының кезі болса керек. Сонда Мұзағаң куақылына жымып:

«Бұл күнде қалтамыздың түбі тесік,
Айналып бір соғарсын күзге дейін» – деп әзілмен жауап беріпті.

Оборотың наборот тұр

Қазақстан Жазушылар одағында Мұзафар Әлімбаевтің «Қарағанды жылдары» деген жинағы талқыланып жатады. Президиумды көрнекті жазушы Сәбит Мұқанов басқарып отырса керек. Жазушылар одағы поэзия бөлімінің меңгерушісі Тайыр Жараков екен. Мұзағаң жинаққа енген өлеңдерін бірінен соң бірі оқып тұрады. Ақынның сөзіне түсінбей қалған Тайыр Жараков:

– Әй, бала, тоқта! Әнебір сөзің қалай өзі? – деп қалады.



Мұзағаң сасқалақтап тұрып:

– Оборот қой, – дей салады. Сонда әзілге келгенде алдына жан салмайтын Тайыр ағамыз:

– Онда сол оборотың наборот тұр, – деген екен.

Қожа мен қожа заместитель

Қалтай Мұхамеджанов «Ара» журналының Бас редакторлығынан кетіп, халықаралық «Түркістан» газетінің бас редакторы болып тағайындалады. «Генерал болуды армандамаған солдат – солдат емес» дегендей, қолына қалам ұстаған біраз қаламгерлер сол бос орынға отыруға жанталасып бағады. Олардың арасында «Ара» журналының жауапты хатшысы Көпен Әмірбек те болса керек. Бірақ «Қуған жетпейді, бұйырған кетпейді» демекші, «Ара» журналының бас редакторы болып белгілі сыншы Сайлаубек Жұмабеков тағайындалады. Көп уақыт өтпей, әлгі қызметтен дәмелі болған Көпенге жора-жолдастары жолығып қалып:

– Көпен, «Ара» журналының бас редакторлығына лайық бір адам болса, сол сен едің. Қалай, жайлы орынға жайғастың ба? – деп сұрайды.

Сонда Көпен:
– Қожа кетіп, оның орнына Қожа заместитель келді ғой, – деген екен
Қалтай Мұхамеджановтың руы қожа екенін меңзеп.

Жұмақтың кілті

Өмір бар жерде өлімнің болатыны хақ. Елде Пәзіл деген кісі қайтыс болып, оны туған-туыс, жақын-жұрағаттары ақ жауып, жаназасын оқып, сонғы сапарға шығарып салып жатады.

– Марқұм Пәзіл жақсы адам еді. Өмір бақи адал жүріп, тік тұрды. Адамзат баласына пайдасы тимесе, зияны тие қойған жоқ. Жұмаққа бір адам барса, осы Пәзіл баратын шығар, – дейді ағайындарының бірі Қанжарбек.

– Оу, Қанжарбек, ол пейішке қалай барады? Жұмақтың кілті менде ғой, – депті Қошқарбек қаралы жұрттың көзінше арыс күлкі шақырып.

Сонда осы әңгіменің бәрін естіп, біліп отырған тікентілі Асан:

– Қошеке, онда сен тезірек барсай, Пәзіл күтіп қалатын болды ғой, – деген екен.



Мақсаттың кәсібі

«Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды» деген қағиданы ұран етіп, Мақсат прораб боп істейтін Әсет құрласына картоп егіп бермек болады. Екеуі қол алысып, төс қағыстырып келісімге келеді. «Мынаны тұқым етерсің» деп Әсет Мақсатқа 4 кап өнген картоп береді. Сол күннен бастап Мәкен Әсеттің есебінен ауылдағы буфеттен ауызбақтырық алып, ас-суын айырып тұрады. Содан күз келеді. «Қартобын жинап алсын» деп, Мәкен Әсетке хабар жібереді. Жағымды жаңалықты естісімен Әсет бала-шағасы мен туған-туыстарын жиып, егістік басына жетеді. Жақсылап дастархан жайып, Мақсатты құда күткендей сыйлайды.

Бала-шағасын картоп жинауға жұмсайды. Олар әп-сәтте кеп қалады.

– Неше кап жинадыңдар? – деп сұрайды Әсет.

– Бар болғаны 4 кап, – дейді олар шулап.

– Мәке, бұл қалай? – дейді Әсет танырқап.

Сонда Мақсат еш саспастан:

– Енді не дейсіңдер, бірденелерің кетті ме, ескі картошкелеріңді жаңартып алдыңдар ғой, – деген екен.



«Басқа күндері боспын»

Сәкен Сейтімбет әзілқой еді. Қарапайым еңбек адамы болса да, ауылдастарына айтқыштығымен белгілі. Тапқыр азаматтың әзілдері көпшіліктің езуін жиғызбайды.

Токсаншы жылдардағы өтпелі кезең. Ауылдағы Сәкен де жұмысыз жүрген. Қолындағы бес-он тұяғымен әуірімдеп жүрсе керек. Сонда бір тағысы:

– Сәке, қандай жұмыс істеп жүрсіз? – деп сұрапты. Сәкен:

– Сенбі, жексенбі – заңды демалысым. Қалған күндері боспын, – деп жауап берген екен.



Шолжаң ҚЫЗ



Қали балаларының кенжесі болғандықтан бір қызын еркелетіп өсіріп, бетінен қақпапты. Әлгі қызы ер балаша киініп, жүрген жері төбелес, дау-дамай болыпты. Сол қызы бойжетіп, тұрмысқа шығатын болып, құдалары келіп отырса, Қали:

«Келінге жарыған екенсіңдер», – депті күрсініп.

Төрезенің керегі не?

Бұл қазақтың өзге ұлт өкілдеріне қарағанда бір ерекшелігі – үлкен іс бастарда ауыл-аймақтағы ең жақын туған-туыстары мен құрбы-құрдастарын асарға шақырады. Әркім өзінің шама-шарқына қарай қол ұшын береді. Сол үрдіс бойынша Қошқарбек деген жігіт үй салуға құрбы-құрдастары мен жора-жолдастарын шақырады. Асар болған соң қой сойылып, қазан көтерілетіні белгілі. Ондай кезде аздап арақ-шарап құйылатыны тағы бар. Ауылдың бүкіл білекті де жүректі жігіттеріне бір үй соғу бұйым болып па?! Иргетасы құйылған үйдің қабырғасы қас қағым сәтте қаланып, үлкен істі тез-ақ еңсеріп тастайды. Бір кезде асаршы жігіттердің біреуі:

– Оу, бұл үйдің төрезесі қайда? Қызды-қыздымен төрезенің орнына кірпіш өріп жіберіпті ғой, – дейді таңырқап.

Сонда үй иесінің Байділла деген айтқыш құрдасы:

– Әй, Қошқарбек, сенің үйіңе төрезенің не керегі бар? Әкең соқыр, бәрібір көрмейді ғой, – деген екен әзілден.



Төркінінен киіп келгені

Құзембай деген атамыз жиені Аманжанның үйіне барса, оның келіншегі Қанжу жалаңаяқ жүр екен. Аяғы аздап кірлеу ме, қалай?.. Соны байқаған Құзембай ақсақал Аманжан әдейі көрсін деп: «Келіннің аяғындағы галошы нешінші размер?» – деп сұрапты. Онда қысыла қоймаған Аманжан: «Білмеймін, төркінінен киіп келгені ғой», – деген екен.

Үйге дейін арқалап апаршы



Қыраш елді мекенінде тұратын Әбен өз әулетіндегі ағайындарын шақырып, ас беріп, Құран оқытып жатады. Бірақ бұл жиынға әулеттегі үлкен ағаларының бірі Мәдібек келмей қалады. Орны ойсырап тұрған соң, жұрт оның қайда екенін сұрастырады. Сонда оның сырын жақсы білетін Әбен:

– Мәкен Сапардың үйінде система құйғызып жатыр, – депті күліп. Сөйтсе, Сапардың шағын дүкені бар екен. Мәкен анда-санда онда барып «система құйғызып» тұратын көрінеді.


Бір күні Мәкен сондай «ем-дом» жасап, қатты шаршап келе жатса, алдынан ұлы шығып қалыпты.

– Әй, балам, мені Меккеге арқалап апармасың анық. Ең болмаса, үйге дейін арқалап апаршы, – деген екен.

О дүниеге шақыру

Бір күні Байділланың тракторы аударылып қалып, Құдай сақтап, өзі аман қалыпты. Соны естіп Тән деген құрдасы көңіл сұрай келіпті.

– Әй, Байділла, сені о дүниеге барып келді деп естіп жатырмыз. Ол жақ қалай екен? – деп қалжындапты.



Құрдастардың мұндай қалжыңнан қалыс қалатын Байділла ма, дереу әңгімені ары қарай жалғастырып кетеді.

– Иә, о дүниеге барып қайтқаным рас. Қақпаның алдында әкем жүр екен. Мені көріп: «Мұнда неғып жүрсің? Жоғал бұл жерден», – деп ұрысып, үйге қайтарып жіберді. Кетіп бара жатсам, бір кісі: «Байділла шырағым, тоқтай тұршы», – деп айғайлады. Артыма бұрылып қарасам, сенің әкең Кәдір екен. Сені әбден сағыныпты. Саған «дереу келіп кетіңші» деп сәлем айтып жатыр, – деген екен.

Аманат

Ауылға айтқыштығымен аты шыққан Мақсат Нұртазаев қатты ауырып, төсек тартып жатып қалады. Оның көңілін сұрап, ауыл азаматтарының бірі келеді. Ол жігіттің әкесі жақында ғана қайтыс болса керек. Ауырып жатқан адамның жайын ойлаған жеңгеміз:

– Ағаңның мазасы болыңқырамай жатыр, кірмей-ақ қойшы, – депті алаңдап. Осы сөзді естіп жатқан Мақсат баяғы әдетіне басып:

– Әй, кемпір, кіре берсін, мен 2-3 күннен кейін о дүниеге жүрейін деп жатырмын ғой, мүмкін әкесіне айтайын деген аманаты бар шығар, – деген екен.

ХАТ ҚОРЖЫН

Шаруа мен малшы

Шаруа мен малшы жолығып, Мұңын айтты қынжылып, Ойларында сан сұрақ, Делі бүгін «жүжідік».

Қар да жауды биыл аз, Жанбыр да анау жаумай тұр. Жоғарыдан хабар жоқ «Кері іске» бір аумай тұр.

Шара қылса жәрдем қып, Мәселеге ел бойласа. Халыққа да нан керек, Парқын «ерлер» ойласа.

Қағып алса қайтесің?

Қаңғыбас ит көп қазір, Көз салсаңыз далаға. Шаба ма деп қорқасың, Абайсызда балаға.

Хабарластық 103-ке, Мардымды жауап бермеді. Түсінбеді ол емесін, Еріккеннің ермегі.

Көшеде ит қақтап жүр, Кім ойлайды ақырын? Жараланса қайтесің, Балаң, туыс, жақынның?

Балалар жүр көшеде, Ит те өріп жүр. Алаңмын. Мән бермейді әкімдік, Мән береді оған кім?

Рысбек ТООБЫЛОВ

Несие

Бас қатырған несие, Бастық қылған несие. Талайлардың көзіне, Жас боп тұнған несие.

Арман боп тұр несие, Жалған деп біл несие. Алған жанға әрқашан, Қорған боп тұр несие.

Әуре қылған несие, Тұзақ құрған несие. Тенің тапқан қыздарды, Ұзаттырған несие.

Той қылған да несие, Бай қылған да несие. Төрт күбылаңды түгел ғып, Сай қылған да несие.



Әкем де боп тұр несие, Көкем де боп тұр несие. Жып-жылы жайлы тұратын, Пәтер де боп тұр несие.

Танымасаң жағдайда, Таныс боп тұр несие. Жарымаған жағдайда, «Шанс» боп тұр несие.

Әрине алған әр үйге, Табыс боп тұр несие. Бітпес бес күн фәниде, Әрі іс боп тұр несие.

Бак демегін несие: Төлесең де сорлайсың, Төлемесең де сорлайсың, Несие алсаң бұл сөзім, Түседі кейін есің!

Әлібек ЕРМАҒАШЕВ



Бетті дайындаған Актілек БІТІМБАЙ Суреттер ашық дереккөзден алынды

Меншік ісін:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі номер - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі номер - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі номер - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі номер - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-1.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптаасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтініді, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» басып үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4258

Тансырыс №482

Нөмірдің кезекші редакторы Асман НУРАҒАЛИ